

"Келісімшарттар талаптарын орындаудың сақталуына мониторинг жүргізу мен бақылау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 10 ақпандағы № 117 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 ақпандағы № 108 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 қарашадағы № 941 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.11.2015 № 941 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Келісімшарттар талаптарын орындаудың сақталуына мониторинг жүргізу мен бақылау қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 10 ақпандағы № 117 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 18, 227-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Келісімшарттар талаптарын орындаудың сақталуына мониторинг жүргізу мен бақылау қағидасында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Мониторинг және бақылау:

1) жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге арналған келісімшарттардың (шарттардың) талаптарын орындауы бойынша – жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті о р г а н ;

2) жер қойнауын пайдаланушылардың кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге және барлауға немесе өндіруге байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша келісімшарттық міндеттемелерді орындауы бойынша – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары ж ү з е г е а с ы р а д ы . » .

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С. Ахметов*

